БИДАЙШИЕВА АДЕМИ БАХЫТБЕКОВНА

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері

«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациясына аңдатпа

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздерін зерттеуге арналған. Онда мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігінің және ұлттық қауіпсіздігінің нығаюының факторы ретінде конституциялық жаңғырту мәселелері, сондай-ақ оны қамтамасыз етудің институционалдық-құқықтық тетіктері қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы конституциялық құрылыстың негіздерін бекітіп, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің, мемлекеттік билікті ұйымдастырудың және қоғамдық қатынастардың негізгі қағидаттарын айқындайды. Олардың қатарында — Қазақстанның адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық болып табылатын демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет ретінде танылуы; унитарлық құрылым мен президенттік басқару нысаны; халықтың мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде мойындалуы; Конституция мен заңдардың үстемдігі; идеологиялық және саяси әр алуандылық; меншіктің барлық нысандарын қорғау қағидаты бар.

Осы ережелердің ерекше маңыздылығын ескере отырып, конституциялық құрылыстың негіздерін қорғау тек конституциялық құқық нормаларымен ғана емес, сонымен қатар азаматтық, әкімшілік және қылмыстық заңнама нормаларымен де қамтамасыз етілуі тиіс.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 2023 жылғы 17 маусымда өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Жалпыхалықтық конгрестің екінші сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өтті: «Жер – біздің басты байлығымыз. Егер ту тігетін жерің болмаса, өз мемлекетің де болмайды. Ата-бабаларымыз бізге ұлан-ғайыр жер қалдырды. Біздің қасиетті борышымыз – оны ысырап етпей, сақтау және дамыту» [1].

Жеке тұлға, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қазіргі заманның ең өзекті проблемаларының бірі болып табылады. Кез келген мемлекеттің басты мақсаты – егемендігін, тұрақтылығын және азаматтарының лайықты өмір сүру деңгейін қорғау. Ұлттық қауіпсіздік – бұл ішкі және сыртқы қатерлерден қорғауға, аумақтық тұтастықты, саяси тұрақтылықты, экономикалық әл-ауқатты және адам құқықтарын сақтауға бағытталған шаралар жүйесі. Қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ету барлық мемлекеттік институттардың өзара іс-қимылын және халықаралық ынтымақтастықты талап етеді.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында саяси плюрализм қоғам алдындағы жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс екенін атап өтті: «Біз саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен, қарақшылықтан және бұзақылықтан аулақпыз. Ал арандатушылық басталған жерде сөз бостандығы туралы айту артық — бұл қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін шайқалту» [3].

Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау мемлекеттіліктің қалыптасуындағы маңызды кезең болып, Конституцияның үстемдігі мен оның қағидаттарын барлық мемлекеттік органдар мен азаматтардың сақтауына негізделген заманауи құқықтық жүйені қалыптастыру бағытын айқындады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қауіпсіздік мәселесінің терең философиялық тамыры бар. Оның бастауы Платон мен Аристотель еңбектерінде, сондай-ақ Т. Гоббс, И. Кант, Дж. Локк, Ж.-Ж. Руссо, Б. Спиноза, Ф. Гегель және XVII–XIX ғасырлардағы өзге де ойшылдардың философиялық тұжырымдамаларында көрініс тапқан. Кейінірек қауіпсіздік пен мемлекет мәселелері Н. Бердяев, Л.Н. Гумилёв, И.А. Ильин, П.И. Новгородцев, В. Соловьёв, Е.Н. Трубецкой және басқа да ресейлік философиялық-құқықтық мектеп өкілдерінің еңбектерінде дамытылды.

Қазіргі ғылымда ұлттық қауіпсіздік саяси ғылым, құқықтану және экономика тұрғысынан қарастырылады. Оның зерттелуіне қазақстандық ғалымдар Х.К. Айхожин, С.К. Абсаметов, Ж.К. Аманова, А.С. Байкенжеева, Д.М. Баймаханова, С.С. Бейсекова, Е.Б. Жатқанбаева, А.С. Ибраева, А.А. Караев, Е.Т. Карина, Е.К. Кубеева, Ж.А. Құлжабаева, В.В. Мамонов, Д.К. Нұрпейісов, А.А. Сәлімгерей, Г.С. Сапарғалиев, С.С. Сартаев, М. Тәжин және басқа да ғалымдар елеулі үлес қосты.

Д.К. Нұрпейісовтің ұлттық қауіпсіздіктің теориялық-құқықтық негіздерін ашып көрсеткен диссертациялық зерттеуі ерекше маңызға ие [6, 40-б.]. Қазақстанда қауіпсіздікті қамтамасыз етудің берік құқықтық базасы қалыптасқанымен, заманауи жаһандық сын-қатерлер оны одан әрі жетілдіруді, әсіресе адам құқықтарын қорғау және заңнаманы жаңа қауіптерге бейімдеу саласында, қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты Зерттеу тақырыбының өзектілігіне сүйене отырып, бұл диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық негіздерін айқындауға бағытталған. Зерттеу мақсаты – ұлттық қауіпсіздік жүйесінің конституциялық құрылымын талдау, ондағы ұлттық қауіпсіздіктің орны мен рөлін анықтау, сондай-ақ оны ішкі және сыртқы саясатта қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын айқындау. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік жүйесінің қалыптасу динамикасы мен заңнамалық мониторингі ұлттық қауіпсіздіктің тиімділігін арттырудың маңызды факторлары ретінде қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде ұлттық қауіпсіздікті конституциялық-құқықтық қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіруге қатысты ұсыныстар жасалды.

Зерттеу мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

- мемлекеттің мақсаттары, міндеттері мен функциялары туралы әртүрлі теориялық көзқарастарды талдап, оның ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін айқындау;
- ұлттық қауіпсіздіктің конституциялық құрылымның тұрақтылығының кепілі екенін дәлелдеу;
- ұлттық қауіпсіздік жүйесінде тұлға, қоғам және мемлекеттің қауіпсіздігі арасындағы өзара байланыстарды ашып көрсету;
- Қазақстан Республикасының тарихи даму кезеңдерін ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі тұрғысынан қарастыру;
- мемлекеттік билік органдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі өзара іс-қимылын зерттеп, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- идеологиялық әралуандық, саяси плюрализм мен ұлттық қауіпсіздік арасындағы өзара байланысты айқындап, қоғамның рухани-адамгершілік дамуы үшін мемлекеттік идеологияның маңызын көрсету;
- отбасы мен баланың әлеуметтік құқықтарын құқықтық реттеу тетіктерін ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы ретінде қарастыру;
- Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының конституциялық аспектілерін, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ынтымақтастықты талдау;
- жаһандану үдерістерін зерттеп, сыртқы экономикалық байланыстар саласында ұлттық мүдделерді құқықтық қорғау тетіктерін анықтау;
- ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ішкі саяси бағыттарын талдап, олардың демократияны дамытуға, халықтың өмір сүру деңгейіне, демографиялық, экологиялық және азық-түлік қауіпсіздігіне, мемлекеттік егемендік пен аумақтық тұтастықты сақтауға ықпалын бағалау;
- қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тетіктерін жетілдіру жолдарын ұсыну.

Диссертациялық зерттеу объектісі. Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері.

Зерттеу пәні – ұлттық қауіпсіздіктің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздеріне қатысты құқықтық нормалардың жиынтығын, сондай-ақ конституциялық құқықтарды, тұлғаның әлеуметтік қорғалуының кепілдіктерін құқықтық қамтамасыз ету мен іске асыру тетіктерін ғылыми талдау болып табылады.

Диссертацияның әдістемелік базасы. Зерттеудің әдіснамалық негізі авторға зерттеу пәнін жан-жақты талдап, тиісті ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік беретін әдістер мен құралдардың жиынтығы болды.

Мемлекет пен құқықты зерттеудің диалектикалық-материалистік әдісі қолданылды. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің теориялық мәселелерін материалистік диалектика тұрғысынан зерттеу тиісті мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды жан-жақты, объективті түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Білімді тереңдету мақсатында нақтыдан абстрактіліге өту әдісі қолданды. Салыстырмалы тарихи әдіс Қазақстандағы

ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің өткені мен қазіргі жағдайын ғана емес, сонымен қатар оның дамуының мүмкін тенденциялары мен заңдылықтарын да көрсетуге мүмкіндік берді. Жүйелік әдіс Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігімен тығыз байланысты әртүрлі қауіпсіздік түрлерін (мемлекеттік, экологиялық, азық-түлік, құқықтық, демографиялық және т.б.) қарастыруға мүмкіндік берді. Ғылыми ұғымдарды анықтауда модельдеу әдісі айтарлықтай әсер етті. Тақырыпты зерттеу барысында нормативтік материалдарды формальды-құқықтық талдау әдісіне, статикалық және басқа әдістерге сүйендім.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасы ҚР Конституциясы, «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Экологиялық Кодексі, ҚР «Ұлттық қауіпсіздігі туралы», «ҚР ұлттық қауіпсіздік органдары туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» заңдар, «ҚР Президенті туралы», «ҚР Үкіметі туралы», «ҚР Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Прокуратура туралы» конституциялық заңдар, Президент Жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары және шет мемлекеттерінің қауіпсіздік заңнамалары мен өзге де құқықтық актілер құрайды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы: Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің конституциялық негіздері – бұл конституциялық құрылыстың негіздерін, мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға бағытталған құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар жүйесі болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік конституциялық құрылыстың тұрақтылығы мен мемлекеттің орнықтылығының ең маңызды шарты ретінде қарастырылады. Бұған дейін бұл мәселенің жекелеген аспектілері зерттелгенімен, ұлттық қауіпсіздікті конституциялық-құқықтық қатынастар контекстінде кешенді түрде талдау жүргізілмеген.

Зерттеу қолданыстағы заңнаманы, Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасының ережелерін және өзге де нормативтік актілерді талдауға негізделген. Онда ұлттық қауіпсіздіктің негізгі элементтері мен түрлері айқындалған. Қазақстан Республикасының Конституциясын талдау көрсеткендей, онда ұлттық қауіпсіздік ұғымы тікелей аталмаса да, оның көптеген нормалары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Жұмыста конституциялық құрылыстың ұғымы мен негіздері, оның қағидаттары мен кепілдіктері қарастырылған. Конституциялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің құқықтық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Қазіргі жаһандық сын-қатерлер — саяси қақтығыстар, экстремизм, көші-қон үдерістері және жаһандану салдарлары — егемендікті, аумақтық тұтастықты және ұлттық мүдделерді қорғау тетіктерін жетілдіруді талап етеді.

Қорғауға ұсынылған ережелер:

1. «Ұлттық қауіпсіздік» ұғымы нақтыланып, оған қатысты «ұлттық қауіпсіздікке қатер», «демократия», «мемлекетаралық бірлестік», «мемлекеттік идеология» сияқты категориялардың, сондай-ақ құқықтық,

демографиялық, экологиялық, діни және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты жекелеген түрлерінің анықтамалары берілді.

2. Конституциялық-құқықтық қауіпсіздіктің мазмұны көпқұрамды институт ретінде ашылып көрсетілді. Ол реттеушілік, институционалдық және ақпараттық тетіктерді қамтиды және конституциялық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды жоюға бағытталған.

3. Конституциялық заңнаманың жай-күйіне тәуелсіз мониторинг жүргізудің қажеттілігі негізделді. Бұл мониторинг проблемалық аймақтарды анықтауға және қауіп-қатерлерді азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ билікті бөлу жүйесін, азаматтардың құқықтарын қорғау мен сайлау рәсімдерін жетілдіру бойынша шаралар ұсынылды.

4. Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстан ауқымды реформалар жүргізіп, әлеуметтік тұрақты және бейбітсүйгіш мемлекет ретінде орнықты, экстремизмге қарсы тұрып, саяси жүйені нығайтқаны көрсетілді.

5. Конституция негізінде тұрақты конституциялық құрылыс қалыптасып, президенттік институт орнықты. Бұл мемлекеттік басқарудың тиімділігін қамтамасыз етіп, егемендікті нығайтуға ықпал етті.

6. Демократияны, құқық пен конституционализмді дамытуда, жаңа қауіпсіз мемлекеттік жүйені қалыптастыруда Конституция мен мемлекеттік билік органдарының рөлі айқындалды.

7. Конституциялық Соттың маңызы атап өтілді. Ол Конституцияның үстемдігін және азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін орган болып табылады.

8. Конституция конституциялық үдерістің сабақтастығын қамтамасыз етіп, құқықтық тәртіпті нығайтады, қоғамдық қатынастарды үйлестіруге және конституционализм идеяларын Қазақстанның саяси-құқықтық жүйесінде орнықтыруға ықпал етеді.

Теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің конституциялық негіздеріне қатысты мәселелерге көптеген ережелер мен қорытындылар, сондай-ақ тұжырымдамалық тәсілдер практикалық тәжірибеде, мемлекеттік органдардың заң шығару қызметінде пайдаланылуы мүмкін.